

Ленин жұл

Шығуына
26-шы жыл
№ 151
(6855)
1944 жыл
Сембі
5 август
Жеке саны
20 тыйын

КСРО Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, екібесшілер депутаттарының облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Жауды қуа отырып, гитлершілдер Германиясының тепкісінде отырған поляк, чехословак бауырларымызды, бізбен одақтас Батыс Европа халықтарын неміс тұтқынынан құтқаруымыз керек.

И. СТАЛИН.

Кеңес әскерлері Польша жеріне кіргеннен кейін Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша әкімшілік орындары арасындағы қатынас туралы Кеңестік Одағы Үкметі мен Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің келісіміне қол қою

Соңғы күндердің ішінде КСРО Үкметі мен Польша Ұлт Азаттығы Комитеті арасында, кеңес әскерлері Польша жеріне кіргеннен кейін Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша Әкімшілік орындары арасындағы қатынас туралы келісім жасау жөніндегі сөздері жүргізілді.

Шын пейілмен достық, өзара ұғыныс-тылық жағдайында өткізілген бұл келісімдердің нәтижесінде 26 июльде Москва-Кеңес әскерлері Польша жеріне кіргеннен кейін Польша Әкімшілік орындары мен Кеңес Бас қолбасшысы арасындағы қатынас туралы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Үкметі мен Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің өзара келісіміне қол қойылды.

Келісімге Кремльде КСРО Үкметінің тапсыруы бойынша Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов жолдас, Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің тапсыруы бойынша бұл комитеттің председателі және

оның сыртқы істер бөлімінің басшысы Э. Б. Осубка-Моравский қол қойды.

Келісімге қол қойылғанда КСРО жағынан: КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Председателі И. В. Сталин жолдас, КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссарының орынбасары А. Я. Вышинский жолдас, КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының алқа мүшесі А. П. Павлов жолдас, генерал Г. С. Жуков болды.

Келісімге қол қойылғанда Польша Ұлт Азаттығы Комитеті жағынан: Комитет председателінің орынбасары және егін шаруашылығы мен ауыл шаруашылық реформасы бөлімінің басшысы А. Витос, Ұлттық қорғау бөлімінің басшысы генерал-полковник М. Роля-Жимерский, Еңбек қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау бөлімінің басшысы доктор Б. Дробнер болды.

Төменде келісімді жариялаймыз.

Кеңес әскерлері Польша жеріне кіргеннен кейін Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша әкімшілік орындары арасындағы қатынас туралы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Үкметі мен Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің өзара келісімі

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Польша Ұлт Азаттығы Комитеті, кеңес әскерлері Польша жеріне кіргеннен кейін Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша Әкімшілік орындарының арасындағы қатынас туралы өзара келісімге қол қойды.

1-статья

Кеңес әскерлері кіргеннен кейін Польша жерінде ұрыс қыймылдары болып жатқан кезде соғыс жүргізуге қатысы бар барлық істер жөнінде жоғарғы өкмет билігіне жауаптылық, соғыс қыймылдарын жүргізуге керекті уақыт бойынша кеңес әскерлерінің Бас қолбасшысында болады.

2-статья

Қаудан азат етілген Польша жерінде Польша Ұлт Азаттығы Комитеті:) Польша республикасының заңдары болашақ белгіленген Әкімшілік орындарының, оларға басшылық етеді;) Польша әскерін бұдан былай ұйымдасу, жасақтау, толықтыру шараларын жүзеге асырып отырады;) Қызыл Армияның соғыс қыймылдары жүзеге асыруы және Польша жерінде қандай да бір жағдайда оған қажетін өтеу жөнінде Кеңес Бас қолбасшысына Польша Әкімшілік орындарының белсенділігінен көмектесуі қамтамасыз етеді.

3-статья

КСРО жерінде жасақталатын Польша әскер бөлімдері Польша жерінде қыймылдайды.

4-статья

Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша Ұлт Азаттығы Комитеті арасындағы байланыс Польша Соғыс Миссиясы арқылы жүзеге асырылып отырады.

5-статья

Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің өзара келісіміне қол қойылды.

6-статья

Польшаның азат етілген жерінің қандай да болса бір бөлігі тікелей соғыс қыймылдары өңірі санынан шығарылысымен Польшаның Ұлт Азаттығы Комитеті ол жердегі ел басқару істерінің бәрін басшылық етуді толығымен өз міндетіне алады.

7-статья

Кеңес әскерлеріндегі адамдардың бәрі Польша жерінде заң жүзінде Кеңес Бас қолбасшысына бағынады. Польшаның қарулы күштеріндегі адамдардың бәрі Польшаның соғыс заңдары мен уставтарына бағынады. Польша жеріндегі жай адамдар да, тіпті кеңес әскерлеріне қарсы жасалған қылмыстар жөнінде де сол Польша заңдарына бағынатын болады. Тек соғыс қыймылдары өңірінде жасалған қылмыстар ғана бұған қосылмайды. Мұндай қылмыстар заң бойынша Кеңес Бас қолбасшысының қарауына жатады. Қай жақтың заңының қарауына жататындығы туралы даулы реттерде мәселе Кеңес Бас қолбасшысы мен Польша Ұлт Азаттығы Комитеті Әкімінің өзара келісуі бойынша шешіледі.

8-статья

Кеңес әскерлері мен Польшаның қарулы күштері соғыста күш біріктіріп қыймыл жасаған уақыттың ішінде Польшаның қарулы күштері соғыс жөнінде КСРО Жоғарғы Командованиесіне, ал, ұйымдастыру істері жөнінде адамдары жөнінде Польша қарулы күштерінің бас командованиесіне бағынады.

9-статья

Кеңес әскерлерінің Польша жерінде болуына қатысы бар, сол сияқты КСРО жерінде жасақталған Польша қарулы күштеріне қатысы бар қаржы-шаруашылық мәселелері жөнінде ерекше келісім жасалады.

10-статья

Бұл келісім қол қойылысымен дереу күшіне енеді. Келісім екі дана болып жасалады, әрқайсысы орыс және поляк тілдерінде болады. Екеуінің де күші бірдей. Москва, 1944 жылғы 26 июль.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Үкметінің тапсыруы бойынша В. МОЛотов.

Польша Ұлт Азаттығы Комитетінің тапсыруы бойынша Э. ОСУБКА-МОРАВСКИЙ.

Кеңес Хабаршы бюросынан 3 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

3 августа РЕЗЕКНЕ (РЕЖИЦА) қаласының батыс жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 30дан аса елді жерді, оның ішінде БУЗАНЬ, БАКВА, АЙСПУРЕС, БАУРИ, ДАБАРИ қыстақтары мен АТАШЕНИ темір жол станциясын алды.

КАУНАС (КОВНО) қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз ұрыспен алға ілгерілеп, 20ден аса елді жерді, оның ішінде ПЕРНАРОВО, ПЕЛУТОВО, ДОГИ, МАНТИГАЙЛЯ, ЛЕБЕЛЗЕ, БИЛЮНЦЫ, БЕРНАТОВИЧЕ, САПЕЖИШКИ, РОГЛИШКИ, СУТКИ, ЛУКШЕ, ГРИШКА-БУДА, БАРЗДЫ, ЖЕРДЕЛЕ, ВИЛЬТРЕКИ, СТЕРКИ үлкен қыстақтарын алды.

САНДОМИР қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз ВИСЛА өзенінен өтіп, оның сол жақ жағалауындағы майдан бойына 30 километр, ішке қарай 25 километрлік табан тірейтін жерді алды. Сонымен бірге 50 елді жерді, оның ішінде СТАШУВ қаласы мен КОПШИВНИЦА, ПОЛАНЕЦ үлкен қыстақтарын алды.

ЯРОСЛАВ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, САНОК қаласын алды, сол сияқты 20ден аса елді жерді, оның ішінде ГУТА-КОМАРОВСКА, ДОМЬНЫ, НИВИСКА, ДОМАТКУВ, БРАТКОВИЦЕ, ДОМБРОВА, ГУРНА, ШУФНАРОВА, ВИСЬНЕВА, ОДЖИКОНЬ, ЯЕЛОНИЦА-ПОЛЬСКА, БЖОЗУВ, РОЧКОВА үлкен қыстақтары мен СВИЛЬЧА, САНОК темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 2 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 76 танкін қыратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 81 самоләті атып түсірілді.

* * *

Резекне (Режица) қаласының батыс жағында Н. құрамасының жауынгерлері Тейция және Лысна өзендерінен ұрыспен өтті. Немістер Вараклани-Мадона тас жолына бекініп, кеңес бөлімдерінің қыспағын бөгеге әрекеттенді. Бөлімшелеріміз жаудың қарсылық жасайтын тораптарын орман жақтан орап өтті де, оған тікелей және тұ сыртынан соққы беріп, тас жолдың едәуір учаскесін немістерден тазартты. Дұшпан ауыр шығынға ұшырады. Тек бір биіктіктің өзінде ғана гитлершілдердің 400дей өлігі қалды. Екінші бір құраманың бөлімдері Аташа өзенінен өтті де Резекне-Крустпиле темір жолына жетті. Әскерлеріміз жаудан 2 танк, өздігінен жүретін 3 зеңбірек, 23 дала зеңбірегі, 8 пулемет, 10 радио станциясын, 6 склад және басқа олжа қолға түсірді. Немістердің 400дей солдаттары мен офицерлері қолға түсірілді.

* * *

Каунас (Ковно) қаласының солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, 20ден аса елді жерді алды. Дұшпан өте-өте тар учаскеде жау әскерлерінің едәуір күштерін жыйнап, күні бойы бірнеше қарсы атакалар жасады. Гитлершілдер табысқа жету үшін шығынға ұшырағанына қарамастан, өлгермендікпен ұрысқа шықты. Зеңбірек пен миномет-пулеметтерден оқ жаудырылып жаудың атакасы тойтарылды. Ұрыс даласында немістердің 1000 дай солдаттары мен офицерінің өлігі қалды.

Каунас қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның оқ жаудыруына төтеп беріп, ұрыспен алға ілгеріледі. Қалың орман немістерден тазартылды. Кеңес бөлімдері қауырт соққы берумен Сутки, Лукше және Гришка-Буда тіректің пункттерін алды. Немістердің 17 танкі, өздігінен жүретін 13 зеңбірегі, 7 бронемашинасы және 2 темір жол эшолоны жойылды. Дұшпанның 2400 солдаттары мен офицері қырылды. Немістерден 33 зеңбірек, 17 миномет, 74 пулемет, 50 автомашина, оқ-дәрі және соғыс мүлкі қойылған 15 склад қолға түсірілді. Шабуыл жасаушы әскерлерімізге әуеден соққы беріп, оны қыспаққа алу үшін дұшпан авиациясының ірі күштерін ұрысқа жұмсап бақты. Кеңестің истребитель-ұшқыштары өздерінің жер бетіндегі бөлімдерін берік қорғап тұрды. Бір күнгі әуе ұрыстарында немістердің 47 самоләті атып түсірілді. Оның үстіне, дұшпанның бір аэродромында жаудың едәуір самоләттері жойылды.

* * *

Сандомир қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз Висла өзенінен өтті. Өзеннен ең алдымен кеңес жалау әскерлері өтіп шықты. Сонан кейін понтон көпірлері арқылы танктерді өткізу ісі ұйымдастырылды. Немістер бұл жерде қорғану үшін күшті бекініс жасады. Әскерлерімізді Висланың шығыс жағалауына қуып тастау үшін дұшпан барлық күшін жұмсады. Бірақ кеңес әскерлерінің соққысы әс-

тында немістер шебінің бірінен соң бірінен айырылып қалды. Әскерлеріміз Висланың сол жақ жағалауында 50 елді жерді, оның ішінде Сташув қаласын алды. Бір күнгі кескілескен ұрыстарда немістердің 3000 дай солдаттары мен офицері жойылды. Көп олжа, оның ішінде 8 танк және түрлі калибрлі 60 зеңбірек қолға түсірілді. 300 неміс қолға түсірілді.

* * *

Солтүстікте немістердің 12 бомбардировщикі 14 истребительдің жәрдемімен біздің бір темір жол станциямызға шабуыл жасауға әрекеттенді. 6 кеңес истребители батыл қарсы атака жасап, жаудың самолеттерін тозғындатып, оларды бомбаларын орманға тастауға мәжбүр етті. Әуе ұрысында лейтенант Карамышев жаудың бір бомбардировщикі мен бір истребительін атып түсірді. Дұшпанның басқа самолеттері ұрыстан тайсалып зытты. Ұшқыштарымыз өз базаларына шығысыз қайтып келді.

* * *

Қызылтулы Балтық Флотының авиациясы Нарва қолтығы мен Чуд көлінде немістердің бір катері мен 4 тральщикін суға батырды.

* * *

Солтүстіктегі неміс армияларының тобын басқаруға жуырда ғана тағайындалған генерал-полковник Шернердің бұйрығын әскерлеріміз қолға түсірді. Бұйрықта былай делінген: «Соғыстың ауыр кезінде армиялардың Солтүстіктегі тобын басқаруды фюрер маған тапсырды және ол Прибалтиканы қорғау үшін барлық мүмкіншіліктерді пайдалануды бұйырды». Жана қолбасшы өзінің солдаттарын қатаң жаза қолдану мен қорқытып, ол мынаны мәлімдеді: «беті мен кетуші әр адамға, ұрыстан бас тартушыларға жедел қатаң жаза қолданылады». Бұйрығының қортындысында неміс генералы солдаттар мен офицерлерге мынаны тапсырады: «жердің әрбір метрін, әрбір учаскені аянбай қорғау керек. Бірде-бір команда пунктін, бірде-бір басқару орнын жауға бергенше, көрге кіруіміз керек. Сендер, армиялардың Солтүстіктегі тобының солдаттары соғыстың дағдыры мен түйінін өз қолдарында ұстандар».

Неміс генералы Шернердің бұйрығы әскерлеріміз Прибалтикаға бөліп тастаған неміс армияларының Солтүстіктегі тобының халі мүшкіл екендігін айқын сыпаттайды. Неміс солдаттары құрытынына көзі жетіп, ұрыстан қашуда. Неміс армияларының Солтүстіктегі тобының жана қолбасшысы генерал Шернерге өзінің бұйрықтары да, сан дырақ сенімдері де көмектесе алмайды. Ол өз әскерлеріне жерге кір деп бұйырады. Кеңес-герман майданында әлденеше жүз мыңдаған гитлершілдер жерге кірмек түгіл, олар жер астында шіріп те қалды. Неміс армияларының Солтүстіктегі тобының солдаттары мен офицерлері де осындай күйге ұшырағалы тұр. Прибалтика немістер үшін көр болмақ.

Күздік егінді жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмысын мейлінше өрістетейік!

Алғашқы астық мемлекетке тапсырылды

СОКОЛОВКА. (Өз тілшімізден) Соколов ауданының бір талай колхоздары қара бидайды жаппай орау бастады. Колхозшы отандық Отан соғысы майдандарындағы тамаша жеңістермен рухтанып, қара бидайды өрмен бірге, алғашқы соғылған астықты мемлекетке тапсыруда.

Ленин атындағы ауыл шаруашылық артели мемлекет қоймасына астық тасу үшін 5 көлік бөлі. Транспорт звеносын басқару Анастасия Остапчук жолдасқа тапсырылды. Звено пунктке күніне 330 пұт астық өткізеді.

«Память Ильича» колхозы мемлекетке 504 пұт, «Победа Труда» колхозы—102 пұт, Ворошилов атындағы колхоз—60 пұт, «Политотдел» колхозы—312 пұт, «Дозор Ильича» колхозы—48 пұт және «Большевик» колхозы 48 пұт астық өткізді.

«Память Ильича» ауыл шаруашылық артелиде астық тасушылар звеносына 4 көлік бөлінді. Астық тасушылар звеносын басқарушы Мария Калиденкова жолдас былай дейді:

—Мемлекетке астық тапсыру—колхозымыздың бірінші парызы. Бұл парызды мүлтіксіз өтеп шығу үшін, біз жанаймай еңбек етеміз.

Бұл колхозда қара бидай орауға 5 лобогрейка қосылды. Лобогрейкалармен 146 гектар қара бидай орылды. Лобогрейкашы Ивашевский және Бунтаков жолдасар жұмыстың алғашқы күндерінен бастап, тапсырманы артығымен орындап келеді. Бұлардан 60 жастағы Новожилова жолдас та қалысатын емес. Ол күніне орылған қара бидайдан 200 бау байлау орнына 220 бау байлап жүр.

32 центнер бидай тапсырылды

КАРАҚОҒА (Арнаулы тілшімізден) Кониюхов ауданындағы «Ленинский путь» ауыл шаруашылық артелиде қара бидай орау күн сайын өріс алуда. Бұл колхозда барлығы 15 гектар қара бидай орылды. Қара бидайды орауға лобогрейкалар мен

бірге комбайндар қосылды.

Колхоз комбайнмен соғылған егінді қолма-қол тазартып, өзінің бірінші парызы мемлекетке астық тапсыруға кірісті. Алғашқы күні астық дайындау орнына 32 центнер қара бидай тапсырылды.

Колхозшылар мен комбайншылар серті

КАРАҚОҒА. («Ленин туының» арнаулы тілшісінен). КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау туралы» қаулысын Кониюхов ауданының колхозшы шаруалары мен МТС жұмысшылары зор ықыласпен қарсы алды.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының ең шешуші әрі аса маңызды кезеңін майдан талабына сай өткізуде колхоздар мен МТС тәрдік айбынды іс программасы болып саналатын бұл қаулы ауданның барлық колхозды ауыл-деревняларында, МТСарында ерекше зер сала талқыланды. Колхозшылар, комбайншылар мен тракторшылар егін жыйнау және мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық тапсыру жұмысын үлгілі аяқтауға айбынды іс программасы болып отырған қаулыны тыңғылықты талқылаумен бірге, нақтылы міндеттемелер алды.

Үкмет пен партиямыздың бұл қаулысын талқылау ісі аудан колхоздарында, әсіресе «Ленинский путь», «Бес ағаш», «Қызыл Қазақстан», Дмитров атындағы, «Жаңа тұрмыс», «Образец» колхоздары мен Чистая МТСында өндірістік зор жігермен өтпейтүге, еліміз бен майданға астықты, ті. Колхозшылар мен МТС жұмысшылары егінді ысырапсыз жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жұмысын дер кезінде аяқтау үшін қажірлі еңбек істеумен шабуылдағы айбынды әскерлерімізге көмекті еселеп күшейтүге, еліміз бен майданға астықты, ауыл шаруашылығының алуан түрлі өнімін негүрлім мол өндіріп беруге міндеттенді.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын талқылауға арналған жыйылыста «Қызыл Қазақстан» колхозы председателінің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Айқожин Омар жолдас былай деді:

—«Не ексең соны орасың» дейді халық. Көп күш-қайрат жұмсап, мәзепен күтіп-баптағанымызға қарай мол егін өсірдік. Еңбек түбі зейнет деген осы. Алтын астықтың алды пісіп, арты жетіліп келеді. Астықтың әрбір дәні жауға ажал оғы болып тиеді. Майданға қару-жарақ қандай керек болса, астық та сондай керек.

Біз күздік егісті орауға кірістік. Шынын айту керек, жұмыс қарқыны әлі мақтарлық емес. Алдымызда аса жауапты әрі күрделі міндет тұр. Ол—егінді дер кезінде ешбір ысырапсыз жыйнау болып саналады. Демек егін жыйнау—ауыл шаруашылық жұмыстарының ең шешуші саласы, сонымен, қатар ол шаруашылық жылының қортын-

дысы сияқты.

Біздің колхоздың колхозшылары егін жыйнау және мемлекет алдындағы бірінші парызы—астық тапсыру жоспарын тұжырымды мерзімде мүлтіксіз орындау жолындағы—бүкілхалықтық жорыққа білек сыбана жаппай аттанып, соғыстағыша әзірленді. Егін машиналары мен құрал-саймандар тыңғылықты жөнделді. Күнлігері жұмыс жоспары жасалып, егін алаңы әр звеноға бекітілді. Колхозшылар қандай жұмыс атқаратындығын жақсы біледі. Олар егін жыйнау, ауыл шаруашылық өнімін дайындау жұмысын үлгілі өткізуге, егіс даласында аябай еңбек істеуге серт береді.

Чистая МТСның жұмысшы, қызметкерлері, комбайншылары мен тракторшылары КСРО Одағы Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын зер сала талқылап, оны бірауыздан мақұлдады. Жыйылыста сөз сөйлеген мастерской меңгерушісі Лобанов, таңдаулы комбайншылар Коркин, Севостьянов, МТС-тың үлкен механигі Ломакин, стажановшы слесарь Глебов, маңдайалды комбайншы Михайлов тағы басқа жолдасар егін жыйнауға әзірлікте елеулі кемшіліктердің негізін аябай күш жұмсады. Бірақ олардың көрнекті іс тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыра алмай отырмыз. Бұл сияқты елеулі кемшілікті іс үстінде жойып, егін орағына сақадай сай әзірлікпен кірісетін боламыз.

—Біз де таңдаулы жұмысшылар аз емес,—дейді Ломакин жолдас.—Комбайндар мен ауыл шаруашылық машиналарын жөндеуде слесарьлар Глебов, Шевченко, трактор бригадасының бригадирі Михайлов, комбайншылар Коркин, Рамазанов және басқа жолдасар қажірлі еңбек істеп, үлгі көрсетті. Комбайншы Коркин жолдас слесарь қызметін атқарды, ол басқа комбайншыларға жәрдемдесіп, 2 комбайнды жөндеді. Бұлар егін жыйнауға мүлтіксіз дайындау үшін аябай күш жұмсады. Бірақ олардың көрнекті іс тәжірибесін көпшілік игілігіне айналдыра алмай отырмыз. Бұл сияқты елеулі кемшілікті іс үстінде жойып, егін орағына сақадай сай әзірлікпен кірісетін боламыз.

Комбайншылар Коркин, Рамазанов және Севостьянов жолдасар Совет астық совхозы комбайншыларының шақыруын ықыласпен қарсы алып, әрқайсысы комбайнмен 500 гектар егін жыйнауға міндеттенді.

МТС жұмысшылары 5 августқа дейін тағы да 8 комбайнды жөндеп болуға міндеттенді. Колхозшылар мен комбайншылардың серті осындай. Олар бұл сертін аброймен орындайды.

Ө. ҚАДЫРЕНОВ.

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Бүгін, кешкі сағат 8де еңбекшілер депутаттарының облыстық кеңесінің VIII-сессиясы ашылады.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 1941, 1942, 1943 жылдардағы бюджеттің орындалуы туралы есеп және 1944 жылғы облыстық бюджетті бекіту. (Баяндамашы облыстық бөлімінің меңгерушісі Петров жолдас).

2. Бірінші жарты жылдықта мал өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспардың орындалуы және мал қыстауға әзірліктің барығы туралы. (Баяндамашы облыстық кеңес атқомі председателінің орынбасары Сыздықов жолдас).

3. Уйымдастыру мәселелері.

Сессияға КСРО Жоғарғы Кеңесі мен Қазік КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары шақырылады.

Сессияға депутаттық билеттер және шақыру қағаздары бойынша кіргізіледі. Облыстық Кеңес атқомі.

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының хабарлары

ЛОНДОН, 2 август. (ТАСС) Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін таңертең жарияланған хабарында былай делінген:

«Одақтастардың бронетанк әскерлері Авранш секторында алға басуда болды. Вильдьенің оңтүстік және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз жаңа табыстарға жетті. Дұшпанның қатты қарсыласуына қарамастан Тесси алынды.

Авиациямыз жаудың темір жол тораптарына, қоймалары мен тағы басқа соғыс орындарына шабуыл жасауда болды».

ЛОНДОН, 2 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының 2 августағы кешкі хабарында былай делінген:

«Одақтастар әскерлерінің құрамалары күн тәулік бойына шабуыл жасай отырып, Вир өзеніне және Вирден Кондеге баратын жолдарға жетті. Әскерлеріміз Эстри деревнясын алды. Шабуыл болып жатыр. Әскерлеріміз Онэге жақындап келеді. Кан секторында дұшпанның бронетанк құрамаларына қарсы кескілескен ұрыстар болып жатыр. Одақтастар әскерлерінің бронетанк құрамалары батыс бағытта Понторсонның арғы жағын-

да алға басуда болды, ал екінші бөлімдеріміз Сем-Пуаға таялып, Бресейден оңтүстік шығысқа қарай алға басты. Әскерлеріміз Вильдье қаласын алып, Ториньиден оңтүстікке қарай шабуыл жасап барады. Әуе райының қолайсыздығынан әуе шабуылымыз онша болмады».

ЛОНДОН, 3 август. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясі штабының бүгін жарияланған хабарында былай делінген:

«3 августа караған түнде майданда айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Бресейдің оңтүстік-шығыс жағындағы Ле-Менильде дұшпанның қарсылығы тойтарылды. Персидің оңтүстік жағында және Виллер-Бокаж және Онэ төңірегінде ұрыс тоқталған жоқ. Понторсонның арғы бетінде әскерлеріміз алға басуда.

Одақтастар авиациясы дұшпанның көпірлеріне, танктеріне, оқ дәрі, жанармай қоймалары мен транспорттарына және Бельгиядан Бискай қолтығына дейінгі алапта кемелеріне шабуыл жасады. Орташа бомбардировщиктеріміз дұшпанның Франциядағы соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

ЮГОСЛАВИЯДАҒЫ ҰРЫСТАР

ЖЕНЕВА, 2 август. (ТАСС). Югославиядан алынған хабар бойынша, Югославия халық-азаттық армиясының жоғарғы штабы, орталық және солтүстік Далмацияда Югославия бөлімдерінің жауға қарсы қуатты шабуыл жасағандығын хабар етті. Петинье өзенінің жоғарғы шеніндегі алқапта жаудың тіректі бекінісі Киево алынды. Книи-Грахово секторында қоршалған немістің әскер тобы жойылуда.

Орталық Босниядағы Добой ауданында Теслин қаласына қарай өтуге тырмысқан дұшпанның қарсы қатты ұрыстар болып жатыр.

Югославия бөлімдері Герцеговинада Требиньенің оңтүстік жағын-

да жаудың әскер тобын талқандап, Требинье—Кантаит қатынас жолын алды.

Ұлт-азаттық армиясының бөлімдері Македония мен Осоговскі—Планин секторында болгардың екі әскер тобын талқандады. Югославия бөлімдері Санджақта жаудың әскерлерін Праеполье бағытына қарай өкшелете қууда.

Истрия мен Загорьеде Югославия әскерлері ойдағыдай шабуыл ұрыстарын жүргізуде.

Югославия партизандары Славонияда көп жерде Винковци-Осиек темір жолын кесіп тастады. Славония мен Сремде егінді сақтап қалу жөнінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болып жатыр.

Түркия Германиямен дипломаттық және экономикалық қатынасты үзді

АНКАРА, 5 август. (ТАСС). Анкара радиосының хабары бойынша, Түркияның премьер-министрі Сарад жоғлу бүгін таңертең Түркияның ұлт жыйылысының мәжілісінде сөйлеген сөзінде, Түркияның Германиямен дипломаттық және экономикалық қатынасты үзуді ұйғарғандығын мәлімдеді. Бұл Түркия соғысқа кіріседі деген сөз емес, соғысқа кірісу Германияның қандай бағыт ұстайтындығына байланысты деп мәлімдеді Сарад жоғлу. Анкара радиосы Түркия үкметінің қарарын ұлт жыйылысының мақұлдағанын хабар етті.

ТЫҢЫҚ МҰХИТТАҒЫ СОҒЫС

Тиниан аралында жапон әскерлері қарсыласуын тоқтатты

ВАШИНГТОН, 2 август. (ТАСС). Ресми хабар бойынша, Тиниан аралында (Марриан аралдары) жапон әскерлері қарсыласуды тоқтатты. Америка бөлімдері аралды жапон әскерлерінің қалдықтарынан тазарту жөнінде ұрыс жүргізіп жатыр.

Америка әскерлері Гуам аралында жедел алға басып барады.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 2 август. (ТАСС). Одақтастар әскерінің штабы, Флоренцияның оңтүстік-батыс жағында кескілескен ұрыстар болып жатқандығын хабар етті. Англияның 8-армиясының қатарындағы Индия дивизиясының бөлімдері Кастильне қаласын (Флоренцияның оңтүстік-батыс жағында 12 километр жерде) алды. Тибр өзенінің орта шеніндегі алқапта немістердің күшті қарсылық жасауына қарамастан, одақтастар әскерлері жергілікті маңызы бар табысқа жетті. Майданның басқа учаскелерінде күзет әскерлері қыймыл жасап, бұрынғыша зеңбірек атысы болып тұр.

Одақтастар авиациясы кеше жаудың Италия мен Югославиядағы соғыс орындарына шабуыл жасауда болды.

Жендет Гиммлер халықтан талап алған ақшаны жасыруға тырысуда НЬЮ-ЙОРК. (ТАСС). Нью-Йорк радиосының хабарына қарағанда, Германияның ішкі істер министрі және гестапо басшысы Гиммлер өзінің көп сомалы ақшасын Аргентина банктерге апарып салғандығы жөнінде хабар алынды.

Жауапты редактор Ө. ОСПАНОВ.